

## БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығы»  
КМҚК басшысы

Б. Абдикерова

«2024» 05 2024 ж.



### 2024 жылдың жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және іс-шаралармен қамтылуын қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша «Шуақты жаз – радужное лето» байқауының ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже 2024 жазғы демалысы кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытының қамтылуын қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша Қарағанды облысының білім беру ұйымдары педагогтері арасында өтетін байқаудың (бұдан әрі Байқау) мақсатын, міндеттерін, мазмұнын және өткізу тәртібін, бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2 Байқауды ұйымдастырып өткізуді «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК жүзеге асырады.

1.3 Байқау педагогтерді кәсіби жетілдіру, балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын ұйымдастыру бойынша озық педагогикалық іс-тәжірибені тарату, педагогикалық жаңашылдықпен шығармашыл жұмыс жасайтын педагогтерді қолдау мақсатында ұйымдастырылады.

#### 2. Байқауды ұйымдастыру

2.1 Байқау 2024 жылдың 03 маусымынан 05 тамызы аралығында өткізіледі.

**Байқау екі кезеңде өтеді:**

Бірінші кезең – 2024 жылғы 12 маусымынан 12 шілде аралығында байқау материалдарын қабылдау.

Екінші кезең – 2024 жылдың 13 шілдеден 05 тамыз аралығында байқау материалдарын қарау және қорытынды шығару.

2.2 Байқауды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді.

#### 3. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

3.1 Байқау екі номинация бойынша өткізіледі:

- «Жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және іс-шаралармен қамтылуын қамтамасыз ету және ұйымдастыру туралы мақала»;

- «Жазғы сауықтыру лагерінің бағдарламасы».

3.2 Байқау материалдары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады. Байқауға жеке және шығармашылық топтың құрамында қатысуға болады. Топтағы қатысушылардың саны 3 (үш) адамнан аспайды.

3.3 Жұмыстар ұйымдастыру комитетіне электронды түрде ұсынылады. Мақала 2 баспа беттен аспауы тиіс (Times New Roman шрифті, 14 кегль, аралық интервалы - 1,5, теңестіру – ені бойынша).

Автордың (лардың) тегі мен инициалдары, ұйымның атауы, қала/аудан парактың ортасына орналастырылуы қажет (Times New Roman шрифті, курсив, 14 кегль).

Мақала атауы (Times New Roman шрифті, қалың, бас әріптермен, 14 кегль) – парактың ортасында.

Бағдарламада құрылымдық бөліктер ерекшеленуі тиіс.

3.4 Байқау талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

3.5 Байқау қатысушылары ұйымдастырушылық комитетіне қатысу туралы байқаудың аты жазылған өтінім ұсынады; білім беру ұйымының толық атауы; номинациясы; педагогтің аты-жөні; қызметтік лауазымы; телефоны, эл. поштасы (қосымша 1).

3.6 Заңды авторлық құқықтардың бұзылуымен орындалған материалдар қарастырылмайды.

3.7 Байқау материалдары «Шуакты жаз – радужное лето» белгісімен ҚО ББД ОӘО 2024 жылдың 12 шілдеден кешіктірілмей [umc-ro@umckrg.gov.kz](mailto:umc-ro@umckrg.gov.kz) электрондық поштасына жіберіледі. Анықтама телефоны: 8(7212) 44-56-14.

#### **4. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері**

4.1 Жұмыстарды бағалау өлшемдері: жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі; шығармашылық жеке көзқарас; байқау тақырыбын ашудың бірегейлігі; байқаудың талаптарына сәйкес жұмыстарды рәсімдеу.

4.2 Байқауға ұсынылған жұмыстар «Антиплагиат» жүйесімен алғашқы сараптамадан өтеді.

Ұйымдастырушылық комитетінің түскен материалдарды таңдауға, зерделеуге, материалдарды баспа беттерінде жариялау туралы шешімді қабылдауға құқығы бар.

#### **5. Қорытындылау және марапаттау**

5.1 Байқау қорытындысы арнайы хаттамамен рәсімделеді, қазылар алқасы мүшелерінің қолымен расталады.

5.2 Қазылар алқасының шешімімен жоғары баға алған жұмыстардың авторлары I, II, III дәрежелі дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталады.

5.3 Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша үздік мақалалар «Ізденіс» газетінде жарияланады.

5.4 Байқаудың қорытындысы ҚО ББД ОӘО [umckrg.gov.kz](http://umckrg.gov.kz) сайтында жарияланады.

**Жазғы демалысы кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын,  
бос уақытын және іс-шаралармен қамтылуын қамтамасыз ету  
және ұйымдастыру бойынша  
«Шуақты жаз – радужное лето»  
байқауына қатысу  
ӨТІНІМІ**

Аты-жөні	Аймақ	Білім беру ұйымының толық атауы	Лауазымы	Номинация атауы	Байланыс телефондары, электрондық поштасы

Білім беру ұйымы басшысының қолы, мөрі